

«Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

КеАҚ Басқарма-Төрағасы, ректор м.а.,

қабылдау комиссия төрағасы

Т.Е. Енжанов

«14» 06 2025 жыл



6B01408- Көркем білім (IP) білім беру бағдарламасына түсуші
талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Арқалық, 2025

МАЗМҰНЫ

Нормативтік база.....	4
Жалпы ережелер.....	4
Шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері.	5
Емтиханды өткізу тәртібі.....	5
Шығармашылық емтихандарды бағалау нысаны.....	6
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан) ..	7
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан)..	8
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	8

1 Нормативтік база

Осы бағдарлама бойынша нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

1.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

1.2. Қазақстан Республикасының Конституциясы

1.3. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 600 бұйрығы.

1.4. Университет жарғысы

2. Жалпы ережелер

2.1 Шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламаларының тізбесі Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.2 Институтқа қабылдау кезінде қабылдау комиссиясының төрағасы азаматтардың ПҚ заңнамасында белгіленген білім алу құқықтарының сақталуын, қабылдау комиссиясы жұмысының жариялылығы мен ашықтығын, оқуға түсушілердің қабілеттері мен бейімділігін бағалаудың объективтілігін, қабылдау комиссиясының басшылығы қабылдауды өткізудің барлық кезеңдерінде қол жетімділігі ескерілді.

2.3 «6B01408- Көркем еңбек» (IP) білім беру бағдарламаларының тобына түсетін студенттер Ыбырай Алтынсарин атындағы АрҚПУ қабылдау комиссиясына шығармашылық емтихан тапсырады.

2.4 Жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының бітірушілері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын бағдарламалар бойынша оқудың толық мерзіміне түсетін білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін 6B01405 Визуалды өнер 1(сурет), Визуалды өнер 1(кескіндеме) екі шығармашылық емтихан, сондай-ақ ҰБТ-ның қазақстан тарихы пәні және оқу сауаттылығы бойынша (оқыту тілі) балдар есепке алынады.

2.5 Білім беру бағдарламасы бойынша ақылы негізде оқуға түсетін - жоғары, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, жоғары білім беру кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе біліктілігі бар талапкерлер үшін әңгімелесу жүргізіледі.

2.6 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға талапкерлер қабылдау өтініштерін Институтқа ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

2.7 Шығармашылық емтихан ағымдағы жылдың 8-15 шілдесі аралығында өткізіледі.

2.8, Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.9 Орта білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихандар 2 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі: Визуалды өнер 1 Сурет (бірінші шығармашылық емтихан), Визуалды өнер 1 Кескіндеме (екінші шығармашылық емтихан)

3. Шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері

Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің «6B01408- Көркем еңбек» (IP) білім беру бағдарламалары тобына құжат тапсырған талапкерлер арасынан шығармашылық және өнер саласына бейімі бар, дарынды жастарды іріктеу жүргізу үшін.

4. Емтиханды өткізу тәртібі

4.1 Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына емтиханды өткізу кезінде осы ережені сақтауды, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

4.2, Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда бөтен адамдардың болуына жол берілмейді.

4.3, Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкерді аудиторияға жіберу емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі.

4.4, Талапкерлерді шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жіберу жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

4.5, Емтиханның ұзақтығы - 4 академиялық сағат.

4.6, Шығармашылық емтихан өткізу кезінде бір орыннан екінші орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, мобильді байланыс құралдарына енгізуге жол берілмейді.

4.7, Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды: 1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу; 2) аудиторияда жүрмеуге, басқа жерге ауыспауға; 3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан аудиториясынан емтихан алушының рұқсатынсыз шықпауға міндетті.

4.8, Дәлелді себептермен кешіккен немесе емтиханға келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініші және шығармашылық емтиханды өткізбеудің дәлелді себебін растайтын құжатты ұсыну негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі. Шығармашылық емтиханның қатыса алмай қалған жағдайдағы дәлелді себебі: 1)Талапкердің ауруы (емдеу мекемесінің мөрімен расталған емдеу мекемесінен ауруы туралы анықтаманы ұсынумен расталады); 2) төтенше жағдай, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (төтенше жағдай немесе жол-көлік оқиғасы фактісін тіркеген мемлекеттік ұйымның анықтамасын көрсетумен расталады); 3) қаза болған жағдайда анықтамасын көрсетумен расталады.

4.9 Шығармашылық емтиханға дәлелді себептермен келмеген талапкерлерге оларға шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша белгіленген күні жіберіледі.

4.10 Шығармашылық емтиханға дәлелді себепсіз келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жол берілмейді.

4.11, Шығармашылық емтихандарға қайта қатысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.12, Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссия мүшелері ғана жүргізеді.

4.13, Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалар ведомосымен және пәндік комиссияның хаттамасымен ресімделеді. Тексерілген жұмыстар, бағалар тізімдемесі және бағалары және тексерген емтихан алушылардың, пәндік комиссия

төрағасының қолдары бар хаттамалар нәтижелерді жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

4.14, Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

4.15, Шығармашылық емтихандарды бағалау кезінде талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсыратын талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспейтін талапкерлердің өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.16, Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағасы және комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

4.17 Сурет салу емтиханы бойынша мынадай құралдар мен материалдар ұсынылған: қағаз, әртүрлі жұмсақ қарындаштар (ИБ, В, 2В), ластик (жұмсақ сурет салу). Ұсынылмайды. қатты қарындаштарды (Н, 2Н, 3Н) және жұмсақ (4В, 5В, 6В), сапасыз ластиктерді пайдалану.

4.18 Емтихан бойынша кескіндеме пәніне мынадай құралдар мен материалдар ұсынылады: акварель қағазы, акварель бояулары (Ленинград, Нева), «НВ» қарындаштар, жұмсақ ластик, (жұмсақ қылқаламдар № 2, 6 және 10), өзіңізбен бірге суға арналған ыдыс болуы тиіс.

5. Шығармашылық емтихандарды бағалау нысаны

5.1 Шығармашылық емтихан – Сурет (гипс розетканың бедерлік үшжапырақ бейнеленген көрінісі) пәнінен емтихан нәтижелерін бағалау критерийлері:

Сурет пәнінің емтихан мазмұны. «6В01408- Көркем еңбек» (ІР) білім беру бағдарламалар тобы бойынша суретті салу кезінде талапкер алдына А3 форматтағы қағаз, қарындаш, өшіргіш т.б. заттарды алдын ала дайындап қою қажет.

Шығармашылық емтихан кезінде талапкер себепсізден себепсіз орнынан тұрып және басқа іс-қимылдарды жасауға болмайтынын ескерту қажет. Комиссия өкілдеріне алдын ала ескерту қажет.

Сурет пәнінің емтихан мазмұны. «6В01408- Көркем еңбек» (ІР) білім беру бағдарламалар тобы бойынша бірінші шығармашылық емтихан сурет түрінде жүргізіледі. Суреттен емтихан тапсыратын талапкерлер тұрмыс заттарынан, көлемі, түсі әр түрлі, фонына екі мата ілінген, жарық түсірілген гипс үшжапырақ суретін салады. Суреттен емтиханды талапкерлер А3 форматта (290*420) қарапайым қарандашпен композициялық заңдылықтарды сақтай отырып, бедерлік көрініс құрлымына талдау жасау негізінде розетка суретін салады, розетканың пропорциясын, кеңістіктегі орналасуын, пішінін талдай отырып, сызықтық және ауа перспективаларының заңдылықтарын сақтауы тиіс. Суреттен орындалған жұмыстарды бағалау кезінде мынадай шығармашылық қабілеттер мен көкемдік білім деңгейлері ескерілді:

1. Суретті қағаз бетіне орналастыра білу, композиция заңдылықтарын білу (формат пен розетканың салыстырмалық қатынасын сақтау);
2. Зат көлемін, құрлымын түсіну деңгейі

3. Сызықтық және ауа перспективасы заңдылықтарын қолдана отырып бейнелеу міндеттерін шешу деңгейі;
4. Сурет салу кезінде бедерлік заттардың көлемін білу қабілеті;
5. Сурет салу штрихтау техникасын меңгеруі.

№1. Шығармашылық емтихан – Сурет (гипс розетканың бедерлік үшжапырақ бейнеленген көрінісі) пәнінен емтихан нәтижелерін бағалау критерийлері:

«45 - 50»балл. Жұмыс өте жоғары деңгейде, барлық композиция заңдылықтарына сай орындалған. Заттарды қағаз бетіне орналастыруы және конструктивтік құрылымын бейнелеуі, көлеңке-жарықты беруі өте жоғары деңгейде. Заттардың фактурасын бояумен көрсетуде тамаша шеберлік көрсеткен. Кескіндемені салу техникасын өте жоғары меңгерген.

«30 - 35»балл. Жұмыс жоғары деңгейде сауатты орындалған. Конструктивтік құрылымын, көлеңке-жарықты дұрыс бере білген. Сурет техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен заттардың материалдығын өте жақсы бере білген.

«22 - 27» балл. Жұмысты талапқа сай орындаған. композиция заңдылықтары орындалған. Суреттің орындалу техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен материалдықты жақсы бере білген.

«14 - 22» балл. Жұмысты талапқа сай орындаған. Композиция заңдылықтары орындалған. суреттің орындалу техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен материалдықты беруде кемшіліктері бар.

«6 – 13» балл. Жұмыс сурет заңдылықтарына сай орындалған. Орналастыруы және заттардың құрылысын бейнелей білуі жақсы деңгейде. Кеңістік пен материалдықты беруде бояу әдісінде кемшіліктері бар.

«5» балл. Қағаз бетіне бейнелейтін нұсқаның конструкциялық құрлысы айқын орындалмаған, бояу тәсілі төмен деңгейде берілген. Заттардың материалдылығын айқын көрсетілмеген.

5.2 Шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан - (натюрморт) Кескіндеме)

«6B01408- Көркем еңбек» (IP) мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша:

Екінші шығармашылық емтихан төмендегі анықтамада көрсетілгендей шығармашылық жұмыстарды орындау бойынша дәстүрлі түрде өткізілген жағдайда: Шығармашылық емтиханда талапкер аудиторияға кіріп орналасады. Шығармашылық емтихан тапсырманы орындау (180 минут). Қабылданған шығармашылық жұмыстарды қабылдау төрағасы, комиссия мүшелері болып талқылап бағалайды.

«Көркем еңбек, және графикалық жобалау» білім бағдарламалар тобы бойынша екінші шығармашылық емтихан кескіндеме пәнінен нұсқаға қарап бояу түрлерін пайдалана отырып практикалық сурет салу түрінде жүргізіледі. Талапкерлер кескіндеме пәні бойынша емтиханда тұрмыс заттарынан, көлемі, түсі әр түрлі, фонына екі мата ілінген, жарық түсірілген натюрморт суретін бояумен салады. Кескіндемеде емтиханды талапкерлер А3 форматта (290*420) акварель, гуашь, бояуларын пайдаланып композициялық заңдылықтарды сақтай отырып, көлемді заттар құрлымын талдай отырып салады. Заттардың пропорциясын, кеңістікте орналасуын жеке заттардың түстерін үйлестіре отырып, жарық-көлеңке, сызықтық және ауа перспективасы заңдылықтарын сақтауы арқылы бояумен сурет салады.

Кескіндемеде орындалған жұмыстарды бағалау кезінде мынадай шығармашылық қабілеттер мен көкемдік білім деңгейлері ескерілді:

1. Суретті қағаз бетіне орналастыра білу, композиция заңдылықтарын білу (бейне мен натюрморттың салыстырмалық қатынасын анықтау);
2. Зат көлемі негізін, құрлымын материалдығын түсіну мен деңгейі;
3. Ауа сызықтық перспектива, жарық-көлеңке түстік қатынас талаптарын бейнелеу;

4. Сурет салу кезінде көлемдік заттарды бояумен жазу арқылы көлемін, пішінін бере білу қабілеті;
5. Бояумен, қылқаламмен сурет салу дағдысын меңгеру дағдысы.

№2 шығармашылық емтихан – кескіндеме (натюрморт) пәнінен шығармашылық емтиханды тапсыруға талапкерлерге 3 (үш) сағат уақыт беріледі.

«45 - 50» балл. Жұмыс өте жоғары деңгейде, барлық композиция заңдылықтарына сай орындалған. Заттарды қағаз бетіне орналастыруы және конструктивтік құрылымын бейнелеуі, көлеңке-жарықты беруі өте жоғары деңгейде. Заттардың фактурасын бояумен көрсетуде тамаша шеберлік көрсеткен. Кескіндемені салу техникасын өте жоғары меңгерген.

«30 - 35» балл. Жұмыс жоғары деңгейде сауатты орындалған. Конструктивтік құрылымын, көлеңке-жарықты дұрыс бере білген. Сурет техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен заттардың материалдығын өте жақсы бере білген.

«22 - 27» балл. Жұмысты талапқа сай орындаған. композиция заңдылықтары орындалған. Кескіндеменің орындалу техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен материалдықты жақсы бере білген.

«14 – 22» балл. Жұмысты талапқа сай орындаған. Композиция заңдылықтары орындалған. Кескіндеменің орындалу техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен материалдықты беруде кемшіліктері бар.

«6 – 13» балл. Жұмыс кескіндеме заңдылықтарына сай орындалған. Орналастыруы және заттардың құрылысын бейнелей білуі жақсы деңгейде. Кеңістік пен материалдықты беруде бояу әдісінде кемшіліктері бар.

«5» балл. Қағаз бетіне бейнелейтін нұсқаның конструкциялық құрлысы айқын орындалмаған, бояу тәсілі төмен деңгейде берілген. Заттардың материалдылығын айқын көрсетілмеген.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Никита Н.П. Цветоведение. Колористика и композиция. Учебное пособие 2016-88с
2. Ли.Н. Голова человека. Основы учебного академического рисунка./ Ли.Н. – М.;Эксмо, 2017,-264с
3. Основы рисования и живописи/ пер.С.англ. А.Степановой. Москва,Издательство АСТ,2017, -96с ил.
4. Қ.Ералин. Тұстану. Оқу құралы.- Түркістан, Тұран,2019.
5. М.Б.Похлебаева. академический рисунок:методические указание/сост., - Краснодар: 2017. -20с, -100экз.
6. П.П.Ревякин. Техника акварельной живописи-2017.
7. Могилевцев В.А. Основы живописи-2018.